

"Облыс әкімиятының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2008 жылғы 25 қыркүйектегі №305 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 25 қыркүйектегі 2015 жылғы № 231 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыс әкімиятының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2008 жылғы 25 қыркүйектегі №305 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1714 болып тіркелген, 2008 жылдың 8 қарашасында "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

К.Көкрекбаев